

Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын алу үшін әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 қазандағы N 18-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 желтоқсанда N 13-9-107 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 09 қаңтардағы N 01-15/5 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 09.01.2013 N 01-15/5 хаты)

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18-бабындағы 5-тармаққа, аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 13-2 «2009 жылға арналған аудан бюджеті туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 27 қаңтарда № 13-9-85 тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2009 жылғы 27 наурыздағы арнайы шығарылымында жарияланған) шешіміне сәйкес аудандық
м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. Мағжан Жұмабаев ауданының селолық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын алу үшін аудандық бюджет қаражатынан 2009 жылға бір мың теңге сомасында әлеуметтік көмек б е р і л с і н .

2. Аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 30 маусымдағы № 9-4 «Ауылды (селолық) жерде тұратын денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын алу үшін әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 2 тамызда № 1313 тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы № 48 санында жарияланған); 2008 жылғы 29 қыркүйектегі № 11-5 «Аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 30 маусымдағы № 9-4 «Ауылды (селолық) жерде тұратын денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік

ұйымдарының мамандарына отын алу үшін әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 7 қарашада № 13-9-83 тіркелген, аудандық «Вести» газетінің 2008 жылғы 14 қарашадағы № 46 санында жарияланған) шешімдері күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

А. Штах

В. Гюнтнер

К Е Л І С І Л Д І :

*Аудан әкімі аппаратының
заңгерлік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Г. Алпысбаева*